

"Солтүстік Қазақстан облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 40/6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 28 наурыздағы № 13/3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 сәуірде № 4149 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 20/17 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 13.04.2018 № 20/17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 40/6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3577 болып тіркелді, 2016 жылғы 28 қаңтардағы "Солтүстік Қазақстан" және "Северный Казахстан" газеттерінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген қосымшада, 3-тармақтың кестесі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Экологиялық рұқсатсыз, сондай-ақ белгіленген нормативтерден тыс қоршаған эмиссиялар үшін осы шешімде белгіленген мөлшерлемелер қолданылады."

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихаттың
XIII сессиясының төрағасы*

Ю.Белоног

*Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихаттың
хатшысы*

В.Бубенко

Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихаттың 2017 жылғы 28 наурыздағы
№ 13/3 шешіміне қосымша

--	--	--

Р/с №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (айлық есеп көрсеткіші)
1	2	3
1.	Көмірсутектер	44,6
2.	Көміртегі тотықтары	14,6
3.	Метан	0,8
4.	Күкірт диоксиды	200
5.	Азот диоксиды	200
6.	Күл	240
7.	Күкіртті сутегі	1240
8.	Меркаптан	199320

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК